

Қазақстан Республикасының Ғылым және Білім министрлігі.  
С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті

## Меншік қатынастары

**Орындаған: Нәбікенов М**

**Қабылдаған: Жакибаева Л.Б**

**Өскемен 2019**

# Жоспар:

## 1.Кіріспе

Меншік дегеніміз не

## 2.Негізгі бөлім

Меншік және иемдену заңдары

Меншіктің түрлері және шаруашылық  
жүргізудің формалары

## 3.Қорытынды

## 4.Пайдаланылған әдебиеттер тізімі



Covered Porch  
28-4 x 18-4

Breakfast  
14-10-14

Living Room  
16-2 x 16-2  
11-05-14-11-05-14

Cl  
5-8 x 6-8

# 1.Кіріспе

## Меншік дегеніміз не

- ▶ **Меншік**- адамның, кәсіпорынның немесе мемлекеттің пайдалынатын немесе иелік ететін заты. Экономикалық мағынасында, меншік, бүкіл шаруашылық процесін қамтып, пайдалы игіліктер мен қызметтерді өндіру, бөлу айырбастау мен тұтыну қатынасын білдіреді.
- ▶ Меншік бұл зат емес, заттарға байланысты туындайтын қатынас. Меншік ретінде тұлғаның нысанды (затты) пайдалануына байланысты құқығы көрінеді. Тұлға ретінде мемлекет, ұжым, жеке тұлға болуы мүмкін. Меншіктің негізгі нысандары: жер, ғимараттар, материалдық және рухани мәдениет заттары, т.б. жатады.
- ▶ Меншік иелері үш типке бөлінеді:
- ▶ Потенциалдың (мұрагердің) меншік иесі. Бірақ, бұл белгілі бір кәсіпорынды немесе басқа да затты иемденгеннен кейін ғана меншік иесіне айналады.
- ▶ Меншік иесі, заттаң тұтынушысы ( иемденуші). Мұнда иемденуші меншіктің толық иесі бола алмайды. Себебі, мұндағы заттың иесі басқа адам болып табылады. Иемденуші келісімге сәйкес өзіне түскен табыстың бір бөлігін ғана иемдене алады.
- ▶ Толық меншік иесі. Мұнда заттың бағалылығының және оны тұтынудың меншік иесі, ол меншікті иелігінен шығарып, оны басқа бір субъектіге беруге, өткізуге құқығы болады.

# МЕНШІК

**ЖЕКЕ**

**ҚОҒАМДЫҚ**

Азаматтардың  
меншігі

Мемлекеттік  
меншігі

Заңды құжаттардың  
меншігі

Муниципальды  
меншік



МЕНШІК  
ҚҰҚЫҒЫ

ПАЙДАЛАНУ  
ҚҰҚЫҒЫ-

ИЕЛЕНУ  
ҚҰҚЫҒЫ

БАСҚАРУ  
ҚҰҚЫҒЫ



## 2. Негізгі бөлім

### Меншік және иемдену заңдары

- ▶ **Меншік және иемдену заңдары.** Меншік қатынастарын дұрыс түсіну үшін, оны иемдену қатынастарымен салыстыру қажет. Иемдену — затты меңгеріп алудың нақты қоғамдық әдісі. Иемдену осы берілген меншіктің және оның нақты түрлерінің негізгі, тамырлы белгісің құрайды. «Меншік» және «иемдену» деген түсініктерді ажыратып, әрқайсы жеке танып білу қажет: бұлардың жеке ұғымдар және экономикалық қатынастар жүйесінде өздерінің жеке орындары болады. Иемдену — көпдәрежелі күрделі әлеуметтік-экономикалық процесс. Ол шаруашылық өмірдің жүйесімен сәйкестікте болады және сонымен бірге дамиды. Алғашқы заманда адамдар көбінесе табиғат сыйларын жинап, аң мен балық аулап иемденген. Бара- бара екі типті шаруашылық қалыптасады — иемденуші (табиғаттың дайын сыйларымен айналысатын) және өндіруші шаруашылықтар. Әр елдердің экономикасындағы бұлардың рөлі бірдей болмаса да шаруашылықтың осы типтері бүгінгі күнге дейін сақталып келеді. Осы типтер өндірістің натуралдық және тауарлық формасын алуы, немесе, екеуінінде қасиеттерін қамтуы мүмкін. Сөйтіп, иемдену қатынастары өндіріс, болу және айырбаспен толықтырылған болады

# Меншіктің түрлері және шаруашылық жүргізудің

## формалары

- ▶ Меншік пен иелену қатынастарын, олардың өзара байланыстарын танып білу өз кезегінде, меншіктің формалары мен түрлерінің арасындағы айырмашылықтардың белгілерін және меншіктің бір түрінің екіншісіне айналу механизмін білуге жол ашады. Бірақ меншіктің қандай түрінің шаруашылық жүргізудің қандай формасын тілейтіні, меншік иелері мен басқа біреулердің меншігін пайдаланушылардың арасында қандай қатынастардың орын алатындығы, әлі мәлім болмайды. Осыларды білу үшін иемдену, пайдалану және жарлық ету қатынастарының мазмұнымен танысу қажет. Иемдену, біріншіден, толық меншік емес, және, екіншіден, иемдену қатынастарындағы меншіктің объектері тікелей иелік ететін объекті болып емес, олар иемдену қатынастарында шаруашылық жүргізудің шарты болып қатысады.



- ▶ Сондықтан иелену қатынастары жүйесіндегі иемдену, пайдалану жарлық ету меншікпен белгіленген туынды екіншілік қатынастарды көрсететін, өндіріс шарттарына меншігі барлар мен шаруашылық жүргізуші субъектердің арақатынастарын көрсететін категориялар болып табылады. Мысалы, банкир өнеркәсіпшіге несиеге ақша капиталын береді. Бұл жағдайда банкирдің капиталға меншігі сақталады, ал өнеркәсіпші капиталдың пайдаланушысына айналады. Ол несие үшін банкирге қолданған капиталға төлем ретінде, қарыз процентін өзінің табысынан төлеуге міндетті болады

«Меншік формасы - ол меншік субъектісі белгісі бойынша сипатталатын, яғни меншік объектісінің әр түрлілігі субъект табиғатымен бірігуі критерийі (өлшемдері)».



- ▶ «ҚР Конституциясының 6-бабының 1-тармағына сәйкес «ҚР-да мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады». Бұл меншіктің формалары. Өртүрлі әлеуметтік мақсат пен құқықтық режим оларды бөліп алуға негіздеме болады. Меншікті екі формаға бөлу Конституциясында олардың меншік құқығының субъектісі ретінде мемлекетке қатынасының нышандары бойынша жүргізіледі. Жеке меншікке жататындықты заң өте оңай анықтайды — мемлекетке тиесілі еместің барлығы солар. Яғни барлық мемлекеттік емес меншіктер жеке меншік болып табылады»

# Қазақстан Республикасындағы меншіктің көптүрлілігі



3.1. Сур.



жекешелендіру



пайдалану

Меншік экономикалық  
тұрғыдан



жүзеге асыру



немдену

# Қорытынды

- ▶ Қорыта келе *меншік* – бұл зат емес, заттарға байланысты туындайтын қатынас.
- ▶ Меншік қатынастары меншік нысандарын пайдалану, иелену және тұтынудан тұрады. Меншік иесі мүлкін уақытша пайдаланулары үшін басқа адамдарға белгілі бір ақыға беру шартын келтіруге болады. Біздіңше, иелену, пайдалану мен іске жарату – бұл толық меншік емес.

# Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. С. Әкімбеков, А.С. Баймұхаметова, У.А. Жанайдаров. Экономикалық теория. Оқу құралы. Жалпы редакция С. Әкімбековтікі. – Астана: 2002. - 464 б.
2. Жалпы экономикалық теория. Оқулық. Ө.Қ. Шеденов, Е.Н. Сағындықов, Б.А. Жүнісов, Ү.С. Байжомартов, Б.И. Комягин. /Жалпы редакциясын басқарған Ө.Қ. Шеденов – Ақтөбе, «А-Полиграфия», 2004 – 455 бет.
3. Я. Әубәкіров, К. Нәрібаев, М. Есқалиев, Е. Жатқанбаев, т.б. Экономикалық теория негіздері. Оқулық. – Алматы, «Санат», 1998. – 479 бет.
4. Ғабит Ж.Х. Экономикалық теория: оқу-әдістемелік кешен. – Астана: 2006., 248 б.
5. Нарматов С.Р., Нарматова А.С. Экономикалық теория. Лекциялар курсы. (Оқу құралы). – Алматы: «Эверо», 2009. – 516 бет.